

## **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУ**

**Рахимов Нуркен**

студенті, Алматы Технологиялық Университеті, ҚР, Алматы қ

**Тұрғынбаева Ализа Атановна**

сеньор-лектор, Алматы Технологиялық Университеті, ҚР, Алматы қ

**Керимбаева Венера Жарасовна**

сеньор-лектор, Алматы Технологиялық Университеті, ҚР, Алматы қ

Цифрландыру – бұл цифрлық технологияларды өмірдің әртүрлі салаларына енгізу процесі. Оның ішінде білім беру саласында цифрлық технологияларды қолдану маңызды орын алады. Қазіргі уақытта онлайн-курстар білім арудың негізгі құралдарының біріне айналды. Олар әртүрлі салаларда білім алуға мүмкіндік береді: бағдарламалау, бизнес, тіл үйрену, дизайн, медицина және басқа да көптеген бағыттар.


Онлайн-курстардың танымалдығы ақпараттық технологиялардың, интернеттің және мультимедиялық құралдардың қарқынды дамуына байланысты артып келеді. Онлайн-білім беру платформалары білім алушыларға икемділік пен қолжетімділік ұсынады, өйткені олар әлемнің кез келген нүктесінен қолжетімді. Сонымен қатар, онлайн-курстар білім алушылардың өз бетімен оқып, өзіне ыңғайлы уақытта материалдарды меңгеруіне жағдай жасайды.

Онлайн-курстарды әзірлеу және енгізу бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен, білім беру бағдарламасын жасау үшін қажетті мәліметтер жиналады. Осыдан кейін арнайы бағдарламалар арқылы курстың құрылымы анықталып, видео-дәрістер, тесттер және практикалық тапсырмалар дайындалады. Ақпараттық жүйелер курсты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі және оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара байланысты жақсартады.

Ақпараттық технологиялардың көмегімен онлайн-курстар интерактивті болуы мүмкін. Бұл жасанды интеллекттің, виртуалды шындықтың, машиналық оқытудың мүмкіндіктерін қолдану арқылы жүзеге асады. Мысалы, білім беру платформаларында пайдаланушының үлгерімін бақылайтын алгоритмдер бар, олар студенттің әлсіз жақтарын анықтап, жеке ұсыныстар береді.


*Онлайн курс веб-сайтының жұмысының логикалық диаграммасы*

Бұл диаграмма онлайн курс веб-сайтының жұмысының логикалық ағыны диаграммасы.(1-Сурет.)



**Сурет 1. Сайттың логикалық структурасы**

Веб-сайттың құрылымы. *Visual Studio* бағдарламасын орнатып, жергілікті серверді іске қосқаннан кейін компьютерде орнатылған шолғышты ашып, іздеу жолағына өзіміздің веб-сайтымыздың атын енгіземіз. 2 суретте көрсетілген.



**Сурет 2. Веб сайтымыздың жеке парақша беті**



Суреттер Freepik

## Маркетинг стратегиясын үйреніңіз

Маркетинг стратегиясын үйрену – бұл болашақта үлкен жетістіктерге жетуге жасалған алғашқы қадам. Сіз нарықты зерттеуді, тұтынушылардың қажеттіліктерін түсінуді және өнімді немесе қызметті тиімді алға жылжытуды үйренесіз.

Технологиялар жайлы суреттер Freepik

Сурет 3. Курстар жайлы мәліметтер

# Біздің курстар

### ДИЗАЙН

Дизайн курстары сізге визуалды коммуникацияны меңгеруге, эстетикалық талғамды дамытуға және креативті ойлауды үйренуге көмектеседі.

КОБІРЕК БІЛУ ҮШІН

### БАҒДАРЛАМАЛАУ

Бағдарламалау – бұл болашақ! Қазірден бастап үйренсеңіз, жаңа мүмкіндіктерге есік ашасыз.

КОБІРЕК БІЛУ ҮШІН

### МАРКЕТИНГ

Маркетинг – бұл бизнес табысының жүрегі. Егер сіз оны үйренсеңіз, кез келген салада жетістікке жете аласыз!

КОБІРЕК БІЛУ ҮШІН

### БИЗНЕС

Шағын бизнес – жергілікті дүкендер, кафе, фрилансерлік қызметтер.

КОБІРЕК БІЛУ ҮШІН

Сурет 4. Курстарға анықтама

# Мансапты алға жылжытыңыз

## ОНЛАЙН КУРСТАР

Онлайн курстар – бұл интернет арқылы өртүрлі дағдылар мен білімді үйренуге мүмкіндік беретін қашықтан оқыту форматы. Олар бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар, тесттер және практикалық жобалардан тұрады.

## ЖЕКЕ КОУЧИНГ

Жеке коучинг – адамның жеке немесе кәсіби мақсаттарына жетуіне көмектесетін жеке кеңес беру және бағыт-бағдар беру процесі. Коуч (маман) клиентпен бірге оның мақсаттарын анықтап, мотивациясын арттырып, нәтижеге жетуге көмектеседі.

Сурет 5. Пайдаланушыға мотивация

## орналасуы

Алматы, Фурката 314 АТУ  
IL 60604-2340

## бізді орындаңыз

©2025 Күпиялық саясаты

## байланыс формасы

Аты-жөніңізді енгізіңіз


Жарамды электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз

Хабарламаңызды енгізіңіз

ЖІБЕРУ

Сурет 6. Байланыс формасы

7-суретте біз туралы батырмасын басқанда ашылатын біздің онлайн курс жайлы мәліметтер көруге болады.



**Сурет 7. POWERGroup курсы жайлы мәліметтер**

Бұл мақалада онлайн курстарды басқаруға арналған заманауи ақпараттық жүйе жасалды. Жүйенің құрылымында PHP, JavaScript, CSS және MySQL технологиялары қолданылды. Жобаның негізгі ерекшелігі — жасанды интеллект элементтері арқылы оқу барысын жеке даралау және автоматтандыру.

Ақпараттық жүйе білім алушыларға ыңғайлы интерфейс пен жеке оқу траекториясын ұсынып, олардың үлгеріміне байланысты бейімделіп отырады. Сонымен қатар, оқытушылар үшін студенттердің белсенділігі мен жетістіктерін бақылауға арналған құралдар қарастырылған.

Жасанды интеллект көмегімен білім беру сапасы мен тиімділігін арттыруға, сонымен қатар білім алушы мен оқытушы арасындағы байланысты нығайтуға қол жеткізілді. Бұл жоба Қазақстандағы цифрлық білім беру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі бола алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ашимов, А. А., & Ахметов, К. А. (2019). Білім берудегі ақпараттық технологиялар. Алматы: Қазақ университеті.
2. Рысбеков, К. (2020). Жасанды интеллект негіздері. Нұр-Сұлтан: Елорда баспасы.
3. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L. B. (2016). Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson Education.
4. Блинов, В. И., & Сергеев, И. С. (2020). Цифровая образовательная среда: проектирование и реализация. Москва: Инфра-М.